

«Шырқаған жастық шақ» бард әндерін орындаушылардың облыстық фестивалінің ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

Оқушылар арасында өткізілетін «Шырқаған жастық шақ» бард әндерін жас орындаушылардың облыстық фестивалі Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде өтеді.

Фестиваль БҚО білім басқармасы мен облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығының 2018-2019 оқу жылындағы жоспарына сәйкес өткізіледі.

2. Мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: музыкалық – поэтикалық мәдениеттің ерекше құбылысы болып табылатын авторлық әндер мен гитарамен ән айтуды жастар арасында насихаттау және дамыту.

Міндеттері:

- Шығармашыл, талантты жастарды анықтау;
- Қазақстан Республикасының авторлық әндер жанрына қолдау көрсету;
- Орындаушылар мен авторлардың шығармашылық деңгейін арттыру;
- Әннің көркемдік қозғалысын дамыту;
- Музыкада және поэзияда руханилықты және кәсібилікті дамыту;
- Салауатты өмір салтын насихаттау.

3. Фестивальді ұйымдастыру комитеті

Фестивальдің ұйымдастыру жауапкершілігін ОБЖТЖЭО-ның өлкетану және ынтымақтастық - аймақаралық бөлімі жүргізеді. Ұйымдастыру комитеті фестивальдің дайындығын және өткізілуін қамтамасыз етеді. Ұйымдастыру комитеті байқау бағдарламаларының білікті қазылар алқасын тағайындайды. Қазылар алқасының шешімі шешуші болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

4. Уақыты мен өтетін орны

Фестиваль 2019 жылдың 29-31 мамыр аралығында Орал қаласы «Евразия» туристік сауықтыру кешені базасында өтеді.

5. Фестивальге қатысушылар

Фестивальге үш жас категориясы бойынша: фестивальді өткізу уақытындағы «10 – 12 жас», «13-15 жас»; «16-18» жас аралығындағы мектеп пен колледж оқушылары қатысады. Өтініштер және құжаттар 2019 жылдың 23 мамырына дейін evrasia_centre@mail.ru электронды адресі бойынша қабылданады. Бекітілген атаулы сұраныс, оқушылардың туу туралы куәліктері және жеке куәліктерінің көшірмесі тіркелу кезінде 2019 жылдың 29 мамыр күні тапсырылады.

6. Өткізу тәртібі және бағдарламасы

Фестиваль екі кезең бойынша өтеді:

- 1 кезең – аудандық (қалалық) - 2019 жылдың 22 мамырына дейін;
- 2 кезең – облыстық 2019 жылдың 29-31 мамыр аралығында.
 - 1- ші кезең - іріктеу
 - 2- ші тур- сайыс – концерт.

Қатысушылар 1-ші кезеңге 2 ән ұсынады. 1-ші кезеңнен өткен қатысушы 2-ші кезеңде қазылар алқасының таңдауы бойынша екі әннің бірін орындайды. Әрбір қатысушы екі номинация бойынша қатысуға өтінім беруге құқылы.

Қатысушыларға қойылатын талаптар:

Гитараның сүйемелдеуімен белгілі бардтардың әндері, замануи жаңа бардтардың әндері, танымал ақындардың өлеңдері немесе өз шығармаларын орындайды. Облыстық «Шырқаған жастық шақ» бард әндерін жас орындаушылардың және республикалық «Перне тамшылары» гитаралы әндер фестивалінің лауреаттары фестивальге қатысуға болмайды.

Негізгі сүйемелдеуші аспап – бұл гитара. Қатысушылар өзінің гитаралық аккомпанементімен ән айта білуі керек. Ересек аккомпаниаторға көмек көрсетуге жол берілмейді. Ансамбль номинациясында әуенді безендіру үшін қосымша музыкалық аспаптарды қолдануға болады. Ән мәтінінде нормативтік емес, лексика, зорлық – зомбылыққа шақыру және зиянды әдеттерді насихаттауға болмайды.

Ережеде көрсетілмеген жұмыс барысында кездесетін ұйымдастыру жұмыстары фестиваль барысында шешіліп отырады.

Фестиваль төмендегідей номинациялар бойынша өтеді:

10-12 жас ерекшелігі бойынша:

1. «Гитарамен ән орындаушы» - әр түрлі жанрдағы әндер орындау;
2. «Ансамбль» әр түрлі жанрдағы шығарманы дуэт, трио, квартет түрінде орындау.

13-15 жас ерекшелік бойынша:

1. «Бардтық және туристік әндерді орындаушы» – Ән өзінің жеке сүйемелдеуімен орындалады. Басқа авторлардың жазылуындағы әндер, бардтық әндерді гитараның сүйемелдеуімен орындалуы;
2. «Ансамбль» әр түрлі жанрдағы шығарманы дуэт, трио, квартет түрінде орындау;
2. «Автор» өз өлеңдерінің мәтінін баспа түрін ұсына отырып, орындау.

16-18 жас ерекшелік бойынша:

1. «Бардтық және туристік әндерді орындаушы» – Ән өзінің жеке сүйемелдеуімен орындалады. Басқа авторлардың жазылуындағы әндер, бардтық әндерді гитараның сүйемелдеуімен орындалуы;
2. «Автор» өз өлеңдерінің мәтінін баспа түрін ұсына отырып, орындау;
3. «Ансамбль» әр түрлі жанрдағы шығарманы дуэт, трио, квартет түрінде орындау.

Фестиваль бағдарламасы

29.05.2019

15.00- дейін командалардың келуі, тіркелуі, орналасуы

15.30 -16.00 мандаттық комиссия отырысы

16.00-19.00 Іріктеу сайысы

19.00-20.00 Кешкі тамақ

21.00-23.00 Би кеші

30.05.2019

08.00-08.30 Таңғы ас.

10.00-10.30 Фестивальдің салтанатты ашылуы

11.00-13.00 Байқау кезеңі

13.00-14.00 Түскі ас

14.00-16.00 Байқаудың жалғасы

16.00-18.00 Шеберлік сыныбы

19.00-20.00 Кешкі ас

21.00-23.00 «Әнге толы жүректер» алау жанындағы кеш (еркін микрофон)

31.05.2019

08.00-09.00 Таңғы ас

10.30 – 11.30 Фестивальдің жабылу салтанаты. Гала-концерт

11.30 Командалардың жолға шығуы

Бағалау критерилері:

- ән тақырыбының әдеби құндылығы;
- орындау кезіндегі авторлық өзіндік қасиеті;

- интонация тазалығы және айтылу сапасы, тембр әдемілігі және дауыс күші;
- сахна мәдениеті;
- орындау шеберлігі;
- шығармашылық даралығы;
- репертуарының қиындығы;
- гитарда ойнау техникасы;
- материалды берудегі шынайылығы.

7. Қорытындылау және марапаттау

Әрбір номинация бойынша үш жүзделі орын анықталады. Фестивальдің қорытындысы бойынша әрбір номинациядан 1 лауреат және 2 дипломант анықталады. Жеңімпаздар дипломдарымен, грамоталарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

8. Қаржыландыру

Фестиваль бағдарламасы көлеміндегі іс-шараларды ұйымдастыруға байланысты шығындарды ұйымдастырушылар өз міндетіне алады. Тұратын жерлеріне, тамақтануына, жол шығынына байланысты шығындарды және іс-сапарға жіберуші мекеме өз міндетіне алады.

Фестиваль кезіндегі оқушылардың өмір қауіпсіздігі, денсаулығы команда жетекшісіне жүктеледі. Фестиваль 2019 жылдың 29-31 мамыр күндері Орал қаласы «Евразия» туристік-сауықтыру кешенінде өткізіледі. Командалар 29 мамыр сағ.15.00-дейін келуі тиіс. Жататын орнымен тамақтану бағасы 1 адамға 3000 тг.

Координатор: өлкетану бөлімі, Альмуханова Райгул Сағынәліқызы, 8776 900 48 00
Мекен-жайымыз: 090004 БҚО, Орал қаласы, Исатай батыр көшесі 71/1,
Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығы,
«Евразия» туристік сауықтыру кешені. тел: 8(7112) 52-59-42, факс: 52-58-87,
электрондық пошта: evrasia_centre@mail.ru

Ұйымдастырушылар фестиваль ережесіне өзгеріс енгізуге құқылы.

Қосымша №1

«Шырқаған жастық шақ» бард әндерін жас орындаушылардың облыстық фестиваліне қатысу туралы өтініш

Мекеменің атауы _____

№	Аты-жөні	Туған жылы, айы күні	Жас категориясы	Бағыты

Команда өкілі: _____
 Аты-жөні, тегі

Мекеме басшысы: _____
 Аты-жөні, тегі